

**Облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 135 "2009 жылға арналған қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын арттыру туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009 жылғы 13 наурыздағы N 176 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 25 наурызда N 3285 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 234 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.12.21 № 234 шешімімен.*

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 5 тармағына, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ислам банктерін ұйымдастыру мен олардың қызметі және исламдық қаржыландыруды ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 12 ақпандағы N 133-IV Қазақстан Республикасының Заңының 1 бабының 3 тармағының 44 тармақшасына, "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық Кодексі) 495 бабының 9 тармағына сәйкес **облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Облыстық мәслихаттың Ақтөбе облысының әділет департаментінде 2008 жылғы 29 желтоқсанда N 3277 тіркелген, "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 160-161 жарияланған 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 135 "2009 жылға арналған қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын арттыру туралы" шешіміне мынадай толықтырулар енгізілсін:

3-тармақтың кестесі мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

4.	Күкірт диоксиді	200
5.	Азот диоксиді	200
6.	Күл	240
7.	Күкіртті сутегі	1240
8.	Меркаптан	199320

6-тармақтағы кесте мынадай мазмұндағы 1.3.7 жолмен толықтырылсын:

1.3.7	Техникалық және элементарлық күкірт	7,54	
-------	-------------------------------------	------	--

2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың*  
*сессия төрағасы*  
*Н. САБДЫҚОВ*

*Облыстық*

*мәслихаттың хатшысы*

*А. ЕСІРКЕПОВ*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК